

Түркістан және Сарыарқа



Іргесі қаланғанының 1500 жылдығын атап өту құрметіне ие болып отырған көне Түркістанның тек қазақ мемлекеті ғана емес, бүкіл түркі әлемі мен Орталық Азия елдерінің рухани орталығы ретіндегі тарихи маңызы жұртшылыққа аян. Сондай-ақ Түркістан атауы бұл қаладан бұрын еліміздің оңтүстігін алып жатқан ұлан-ғайыр өлкеге байланысты қалыптасқаны да белгілі. Түркістан ұғымы, тарихи зерттеулерге жүгінсек, араб-парсылардан бастап «түркілер елі» мағынасында қолданылған.

Ал Яссы қаласы маңызының артуына байланысты аймақтың бас қаласы ретінде Түркістан аталуы XVI ғасырға қарай орын алған. Түркістан аймағы мен ұлан-байтақ Сарыарқа орта ғасырлардан бастап Дешті Қыпшақтың бірібірімен тығыз байла-

нысқан құрамдас бөліктері, өзіндік саяси, экономикалық мәні бар ірі тарихи географиялық өлкелері болды. Құстың қос қанатындай осы екеуінің өзіндік орны мен сабақтастығын анықтау үшін Дешті Қыпшақ тарихының негізгі белестеріне тоқталу қажет.

Ортағасырлық жазба деректер Түркістан атауының бірнеше мағынада қолданылғанын көрсетеді. Кең мағынада айтқанда, Түркістан өлкесі шығысындағы Қытай мен батысындағы Каспий теңізінің арасындағы орасан зор аумақты қамтыған. Ал неғұрлым нақтырақ екінші мағынасы бойынша, Түркістанға Сырдарияның орта ағысындағы алқаптар қараған. Ежелгі Түркістан — қалалар елі. Тек бір ғана автор, парсы ибн-Рузбихан мұнда 30-ға жуық қала өмір сүріп тұрғанын жазып қалдырған. Дешті Қыпшақ тарихында аса маңызды орын алған қалалар — ең алдымен Сығанақ пен Сауран, Отырар мен Яссы (Түркістан). Тарихи зерттеулер мен оқулықтарда Сыр бойындағы ортағасырлық қалалардың мемлекет өміріндегі сауда

мен қолөнер орталықтары, әскери-стратегиялық тіректер ретінде қалыптасқаны кеңінен көрсетіледі. Сонымен қатар, бұл қалалардың ең басты функциясы — олардың негізгі саяси орталық міндетін атқаруы. Сығанақ, Сауран, Түркістан әуелі Қыпшақ хандығының, Ақ Орданың, кейінірек қазақ хандығының астанасы болды. Мұның ішінде ортағасырлық Шығыстың аса ірі ғұламаларының бірі Қожа Ахмед жерленген Яссы қаласының тарихи орны мүлде ерекше еді. Қала ірі мәдени орталық ретінде алға түсіп, көп ұзамай басқа қалалардың бәрінен жоғары тұрды. Аймақтың бас қаласы ретінде Түркістан аталып, қазақ хандығының сәулетті астанасына айналды. Кейінгі кезеңдерде оның идеологиялық, рухани маңызы төмендеген емес. Бірақ кеңес дәуіріндегі дінге, санаға қарсы жоғарыдан ұйымдастырылған күрестің барысында бұл қасиетті орынның бейнесі көмескілендіріліп отырды. Түркістан — Ұлықбек мырзаның қызы Рәбиға бегім, Есім, Жаңгір, Тәуке, Абылай, Қазда-

уысты Қазыбек және басқа да ұлт пен мемлекет тарихындағы ондаған аяулы тұлғалар жерленген қасиетті пантеон.

Түркістанның тарихын зерттеуге, әсіресе, оның алғашқы іргетасының қалануы мен дамуы, гүлдену кезеңдерін анықтауда археологиялық ізденістер шешуші роль атқаруда. Осы орайда Археология институтының маманы, тарих ғылымының кандидаты Е.Смағұлов басқарған топ соңғы жылдары үлкен нәтижелерге жетті. Қаланың ескі орталығы Яссының орны кейін Күлтебе деп аталған үлкен төбе екендігі анықталды. Міне, осы жердегі қазба жұмыстары негізгі қорытындыларға себеп болып отыр. Мұнда қазір барлығы 7 құрылыс қабаты ашылған. Ең соңғы 7-ші қабат XIX-XX ғасырларда аяқталса, алғашқы, яғни 1-ші қабаттың қыш ыдыстары және т.б. заттай деректері IV-V ғасырларға жататыны дәлелденді. Демек, ежелгі Яссының алғашқы ірге тасының қалануы осы IV-V ғасырлардан кейін емес.

(Жалғасы 9-бетте).

Түркістан және Сарыарқа

(Басы 8-бетте).

Ортағасырлық жазба деректерге жиі іліккен, жаңа заманның тарихи зерттеулерінде де кеңінен орын алған Түркістан өлкесі бүгін тек Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге, алыс-жақын шет елдерге де танымал болып отыр. Сарыарқа атауына келсек, мұның тарихи мәні де, тіпті өлкенің Қазақстанның дәл қай жерін қамтитыны да түбегейлі зерттеліп, кеңінен насихатталмаған. Басқаша айтсақ, Сарыарқаның бар екенін республика жұртшылығы білуі, ал оның неге бұлай аталғаны, тұтас аймақ ретінде қалыптасуының қыры мен сыры, ескі қазақ ұғымындағы шекаралары, т.б. жәйттер көпке мәлім емес. Еліміз дербестігін алып, өз өмірін жаңадан құрып жатқан тұста, яғни салт пен санадағы мәнді өзгерістер кезеңінде мұндай сауалдардың өзектілігі артып отыр.

Сонымен, мәселенің түп қазығына келсек, ғылыми сарапқа түсіп отырған сұрақтар — Сарыарқа қай жер және неге бұлай аталған?

Сарыарқаның көне, яғни ортаға-

сырлық формасы «Арқа» екені анықталды. Бұл атаудың алғаш пайда болған уақыты Дешті Қыпшақ тайпаларының мемлекеттігі қалыптасуының ерте сатысына жатады. Мерзімі жағынан бұл б.з. !! мыңжылдығының бірінші ғасырларына сайкеседі. Дәл осы кезде құрғақ далалар белдеуі тұрғындарының үлкен топтары ішкі алқаптарды артқа тастап, табиғи-климаттық, әсіресе саяси тұрғыдан өте қолайлы, стратегиялық мәні жоғары өңірлерге жылжиды. «Арқа» және «Маңдай сүбе» қызметін атқарған тарихи-географиялық ерекше өлкелер тап осы кезде қалыптаса бастайды. Бұл тарихи жүйе өз кезегінде бірнеше кезеңдерден өтті. «Арқа» кейін Сарыарқа деген қосымша түріне ие болды, ақын-жыраулардың шығармашылығындағы үлкен тақырыптардың біріне айналды. «Сарыарқа» тақырыбын, әсіресе домбыра мен көк найзаны бірге көтерген салт атты жыраулар мен олардың ізбасарлары бұған «туған жер», «Отан» мағыналарын бере жырлады. Мәселен, «Бетегелі Сарыарқаның бойында соғысып өлген өкінбес», «Сарыарқа, сені қайтейін», «Саңдал тау, Сарыарқаны алдымұжық», «Сарыарқа, қайран жерлер-ай, туып-өскен еддер-

ай» сияқты кептеген тіркестер осыған меңзейді.


Атаудың көмескілене бастаған кезі — кеңес дәуірі. ХХ ғасырда қазіргі әкімшілік-территориялық бөлініс жүйесі қалыптасты, ғылыми тұрғыдағы геологиялық, географиялық аудандау дамыды. Елді шаруашылық мақсатта игеруді көздеген бұл шаралар заңды құбылыс еді. Осы кезде облыс, аудан аттары, геологиялық және географиялық атаулар тұтас жаңа жүйе болып алға шықты. «Сарыарқа» атауы тек Орталық Қазақстанның еншісінде қалды және бұған геолог Г.С.Медоевтің арнаулы еңбектері тікелей әсер етті. «Сарыарқа» атауының қолданымдағы аясының таралуына ықпал еткен үлкен себептердің бірі, әсіресе, 50-70-ші жылдарда орын алған далалық аймақ қазақтары санының күрт азаюы және қазақ мектептерінің көптеп жабылуы болды. Бұның ішінде Солтүстік, Солтүстік-Шығыс, Солтүстік-Батыс облыстарының қатты орыстанғаны белгілі. Мұндай аймақтарда уақыт ағымымен пайда болған «Приишимье», «Күстанайщина», «Прииртышье» сияқты атаулар баспаға еніп, олардың қазақша баламалары қолда-

нымға түсті. Бұл да заман талабынан туған заңды жағдай болатын, бірақ осы кезде жергілікті атаулар орыс тілді аймақтардан «Сарыарқа» ұғымын ығыстырып шығарды. Мұның дәлелі — солтүстік өлкелердің де Сарыарқаға жататынын қазір тек ондағы орыс ұлтының өкілдері ғана емес, қазақтың өзінің білмеуі.

Қазақтың «Арқа (Сарыарқа)» ұғымы геологиялық немесе географиялық тәртіпке негізделмеген. Бұл — халық ішінде қалыптасқан тарихи ұғым. Ғалымдардың осы екеуінің арасын ажыратпауы кезінде «Сарыарқа» ұғымын өрескел түрде бұрмалауға әкеп соқты. Геолог Г.С.Медоев «Арқа» атауы «тау», «жота» деген түсініктен шыққан деп пайымдап, бұған тек Қазақтың қатпарлы өлкесімен шектелген аласа таулы аймақты (Орталық Қазақстан жерінде) жатқызды және оған Бетпақдала, солтүстіктегі орманды-далалы өлкелер (Батыс, Сібір ойпаты) мен Торғай өңірі (Торғай қыраты) кірмейді деп жазды. Бұл өте қате пікір еді. Географтар мен геологтар «Арқаның Бетпақ деген даласы бар» деген Сәкен сөзінен, «Сарыарқада тудым» деп жырлаған «Батыс Сібір ойпатының азаматы» Мағжан шы-

ғармашылығынан, «Сарыарқа» деп жырлап келген Торғай ақын-жыраулары мұрасынан жалпы алғанда хабарсыз болатын. Білген күннің өзінде, «Арқа» ұғымы «тау», «жота» сөздерінен шықты деген кәсіби пікір бәрібір үстем болды.

(Жалғасы 10-бетте).



Түркістан және Сарыарқа

(Соңы. Басы өткен санда).

Қыпшақ даласының ішкі өлкесінде де қалалы мекендер болған. Ертіс бойында көптеген қалалар өмір сүргені, Алакөлде маңызды саяси орталық қалыптасқаны жазба деректерден белгілі. Қалалардың үлкен шоғыры Ұлытау жерінде ашылып, археологиялық тұрғыдан зерттелді. Сарысу, Нұра, Есіл бойындағы елді мекендер әлі де болса жүйелі түрде зерттелмей отыр. Мұндай ішкі өлкелердегі қалалар кішігірім аймақтардың мұқтажын өтеген және сыртпен саяси байланыстардың негізгі торабында жатпағандықтан аса ірі тұрақты орталықтар деңгейіне көтерілмеген. Зерттеулер нәтижесіне қарағанда, шешуші маңызы бар негізгі саяси-экономикалық орталықтар үш бағытта орналасқан.

Қыпшақ хандығының батысындағы қала орталықтары оңтүстік Орал аймақтарында, Жайық бойында шоғырланған. Мұның ішінде кейін, әсіресе, Сарайшық қаласы гүлденіп, айрықша мәнге ие болды.

Екінші бағыт — Батыс Сібірдің Арқаның солтүстігіне қараған өлкелері. Мұнда Тобыл, Түмен (Тюмень), Ертістің орманды және орманды-далалы алқаптарында ірі саяси орталық қалыптасып, негізгі қаласы Шымғытұра деп аталған. Қала, әсіресе, Ақ Орда кезеңінде қатты көтерілді. Кезінде мұнда Тоқтамсы паналап, кейінірек осында Шайбанилық (Сибан әулеті) Әбілқайыр таққа отырды, соңынан Ибақ хан биледі. Үшінші және сая-

си экономикалық тұрғыдан ең маңызды бағыт — Сырдария алқаптары, яғни ежелгі Түркістан болды. Сығанақ, Сауран, кейінірек Түркістан қалалары X ғасырдан бастап Қыпшақ мемлекетінің басты стратегиялық тірегі қызметін атқарды. Бұл кезде мемлекеттің батысы, Солтүстігі мен шығысына Ресей мен Қытай келмеген болатын. Міне, сондықтан оңтүстік бағыттағы саясат үнемі шешуші орында тұрды.

Сауда, тауар айналымы, әскери-саяси байланыстар және т.б. мемлекеттік мүдделердің қажетті деңгейде шешіліп отыруында негізгі рольді атқарған стратегиялық өлкелер қай бағытта қалыптаспасын, олардың артында ұшықиырсыз құрғақ далалы белдеу жатты. «Арқа» атауының нағыз тарихи мәні осында еді.

Батыс шеттегі, қиыр солтүстіктегі, Сыр бойындағы негізгі қалалық орталықтар үшін Арқа жері тыл қызметін атқарды. Тыл — қырдағы елдің ортасы. Қалалар үшін, әсіресе, Сырдария үшін жүргізілген толассыз қанды қырқыстарға қатысқан ауыр жасақтар туы желбіреп ішкі өлкелерден аттанатын. Мемлекеттіліктің негізін қалаған Дешті Қыпшақ хандары, әмірлер мен әскербасылар қырда туып, өмірін қалаларда өткізетін. Осындай арттағы тыл қызметін Арқа Қыпшақ, Қазақ хандығының тарихында Абылайға дейін атқарып келді. Ішкі өлкелермен арадағы қажетті байланыстардың үзілмеуі мемлекет үшін өте маңызды мәселе болатын. Екі арадағы қарым-қатынас тоқырап, ішкі өлкелерде

келеңсіз жағдайлардың қалыптасуы хандықтың әлсіреуіне әкелетін. Батыстағы Хазар қағанаты, Болгар, Половец (батыс Қыпшақ) хандықтары, т.б. орта ғасырлық түркі мемлекеттерінің жойылып кетуінің басты себептерінің бірі — бұларда атакәсіптің, этникалық мінез-құлық пен мәдениеттің, тіл мен дәстүрдің тірегі болып саналатын мықты далалық тылдың болмауы еді.

«Дала мен қала» деп тарихи-археологиялық зерттеулерде аталған жүйе орта ғасырлар дәуірінің өн бойында үздіксіз қызмет атқарып келді. Бірақ, жаңа дәуірдің басында жағдай өзгерді. Саяси, қоғамдық, сауда мен шаруашылық салаларының барлығы жаңа коммуникациялық жүйелердің қалыптасуын талап етті. Жер-жерде халықтардың саны артып жатты және олардың қоныстану тығыздығы ұлғайды, аса маңызды технологиялық жаңалықтар өмірге келді. Қазақстан іргесіне қуатты империялар тақалды, әрі бұл олардың геосаяси белсенділігінің артуына ұласты. Ортағасырлық керуен жолдары бірте-бірте көмескіленді. Жаңа байланыстар жүйесі қалыптасып, бірлесудің жаңа формаларына өту қажеттілігі туды. Осындай жағдайда оңтүстік стратегиялық бағыттың бұрынғы мәні төмендеп, басқа саяси бағдар айқындала түсті. Ең алдымен Арқаның артта жатқан тылдық мағынасын өзгерту керек болды, әйткені алдағы уақыттағы үлкен саясат осылай бұрылған еді. Бұл қажеттілікті ең алғаш түсіну құрметі қазақ билеушілерінің ішінде Абылайдың еншісіне тиді.

Хан мұны сол кездегі жағдайға байланысты жалпы бағыт ретінде орындай алды, осының өзі оның бағын ашты да. Абылай — өз Ордасы мен туын солтүстіктегі өлкелерге көшірген алғашқы саясаткер. Қасым, Тәуекел, Хақназар сияқты хандар өз қаны мен өмірін салып Сыр бойын алып қалды және осындай жолмен халық алдындағы өз уақытының міндетін өтеді. Абылай ескі тылды, яғни Сарыарқаны саяси оқиғалардың бел ортасына айналдырды. Хан мейлінше көп қанды соғыстарға қатысуға мәжбүр болды, ал өз өмірінің соңында «жұртымды толығынан отырықшы өмірге бейімдеп үлгермедім, қалалар сала алмадым» деген өкініш айтты. Бұл өкініштің өзі кейінгі билеушілерге айтылған аманат болатын.

Елбасы Н.Назарбаевтың ұсынысымен Сарыарқа терінде жаңа астананың бой көтеруі кездейсоқ, кенеттен ғана бір адамның басына келген ой емес. Бұл — отарлауға дейінгі қазақ басшыларының бастап, бірақ толық тындырып үлгермей кеткен ісінің жалғасы. Оның және тек ел егемендігін қайта алған уақытында қолға алынып жатуының өзі де түсінікті. Өмірлік мәні бар осынау шараның саяси маңызын XVIII ғасыр қайраткерлерінің өзі дұрыс ажыратқан еді.

Арман БЕЙСЕНОВ,
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
Археология институтының аға
ғылыми қызметкері, тарих
ғылымының кандидаты,
«Сарыарқа» экспедициясының
жетекшісі.